

# SAIGA NEWS

Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығарылады

Сурет: Евгений Полоцкий



## 2015 жылы ақбөкеннің жаппай қырылуы мен оны сақтау жөніндегі үміт

*Сайга Ньюс-тың* 19-шы номерін баспаға дайындау кезінде біз ақбөкендердің бетпақдала популяциясынан күн сайын үлкен-көлемде жаппай қырылған аңдар туралы мәліметтер алып отырдық. ҚР-сы ауыл шаруашылығы министрлігінің соңғы арнаулы мәліметі бойынша (5 маусым), өлген ақбөкендер саны 134 252 бас, бұл Бетпақдала популяциясының 62% және ақбөкендердің дүние жүзілік қорының шамамен жартысы. Қырылған аңдардың көпшілігі ақбөкендер төлдейтін жерлерде болған. Әсіресе, аналықтар мен олардың лақтары көп өлімге ұшыраған. Бұл жағдайда, жаппай қырылған жануарлардың өлекселерін жинаған адамдар мен өлекселерін экспертиза үшін анализ алған мамандар жұмыстарының сондай қиын болғанын түсінеміз.



Сурет: АСБХ

Жалғасы.2-бетте

Қолдауларымен жарияланды: Қосымша қолдау:

## МАЗМҰНЫ

### Негізгі мақала

Э.Дж. Милнер-Гулланд 2015 жылы ақбөкеннің жаппай қырылуы мен оны сақтау жөніндегі үміт..... 1

### Жаңалықтар

Татьяна Брагина Қазақстанда ақбөкендер өткөлдері қорғауға алынды..... 3

Буяна Чимеддорж Моңғолияда жергілікті тұрғындардан алынған мәліметтер браконьерліктің деңгейін төмендетуге көмектеседі..... 5

Наталья Шивалдова Ақбөкенсіз дала – сүтсіз қалмақ шайы сияқты..... 5

Жанна Аксартова, Алия Тонкобаева Қазақстанда «Ақбөкен –қазақ даласының символы» атты бірінші республикалық балалар конкурсы өтті..... 7

Наталья Шивалдова «Қоныс аударатын жануарлар күні» - табиғатқа жақындасудың тағы бір түрі..... 8

Айгуль Айтбаева Қалмақияда Улдис Кнакисаны еске алу өтті..... 9

Редакциядан Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы қиын уақытты басынан кешіруде .. 10

### Баспасөздерден

Ақбөкен Қалмақияның Қызыл кітабына енгізілді ..... 11

Қазақстанда ақбөкендердің қырылуы..... 11

### Мақалалар

Владимир Калмыков Астрахань облысындағы «Степной» қорықшасы территориясында ақбөкен мониторингі..... 12

Баябаттар Бувейбаттар және басқалар. Батыс Моңғолияда ақбөкендердің популяциялық саны және олардың шаралуына әсер ететін факторлар..... 14

Елена Быкова және басқалар. Өзбекстанда ақбөкеннің таралуы және заңсыз аң аулаудың деңгейі жергілікті тұрғындардың қатысумен болған мониторинг мәліметі.... 16

Анна Ячменникова Ақбөкенге мониторинг жүргізу үшін жоғары дәрежеде түсірілген спутниктік суреттерді пайдалану мүмкіндіктері..... 19

Матиас Шнейдер және басқалар. Ақбөкеннің әртүрлі популяцияларын олардың мүйіздері мен жүндерінде болатын стабильді изотоптар арқылы зерттеу..... 21

Форрест Хогг және басқалар. Солтүстік-Батыс Прикаспий тұрғындарының ақбөкен өнімдерін заңсыз пайдалануларын зерттеу..... 23

Кати Маббутт және басқалар. Ақбөкендердің орал популяциясын сақтау жұмыстарына қатысуға ниет білдірген еріктілердің (волонтеры) ниеттеріне әсер ететін факторлар..... 26

### Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі

Альберт Салемгареев. Қазақстан..... 28

Жалғасы (басы -1 бетте.)

Сайга Ньюстың бұл номерінде басқа да қайғылы хабар бар. Бізге Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы питомнигінде ақбөкендерден тіпті толық айырылғандығы туралы хабар келді, сондай-ақ Орталықтың өзі жабылу қаупінде тұр. Орталықтағы біздің достарымыз ұзақ уақыт бойы ғылыми зерттеудің, сақтаудың және ақбөкенді сақтау ісіне жұртшылықты тартудың өзіндік маяғы болды, және бұл жаңалық жалпы. Солтүстік-Батыс Прикаспийдің табиғат қорғау ісіне өте күшті соққы болып табылады.

Сондай-ақ басқа да мақалаларда Солтүстік-Батыс Прикаспий мен үстіртте мекендейтін ақбөкен популяциясының статусы туралы ұнамсыз хабарлар бар; оларда жағымсыз тенденциялар жалғасуда және соңғы екі жылда олар санын айтарлықтай қысқартты. Басқа авторлармен бірігіп жазған Елена Быкованың мақаласы мынадай ойға қалдырады: 2011-2012 жылдары Қазақстанның жасаған шекаралық қоршауы, жалғасып келе жатқан браконьерлікпен бірге, ақбөкендердің үстірт популяциясының жойылу қаупіне әкеп соқты. Владимир Калмыков пен оның командасының 2014 жылы алған ақбөкендер санының көрсеткіштерін өткен 10-жылдық көрсеткіштермен салыстырғанда Солтүстік-Батыс Прикаспий территориясында жануарлар саны өте күшті қысқарғанын көрсетті. Форрест Хогг авторларымен бірге өздерінің мақалаларында оның мүмкін болатындай себептерін көрсетеді: Қалмақияда сұралған адамдардың 34%-і соңғы 12 ай бойы ақбөкен етін пайдаланған. Бұл келтірілген барлық мәліметтер регионда ақбөкен өнімдеріне сұраныстың үлкен екендігін көрсетеді; бұл браконьерліктің өсуіне себепін тигізеді; бұл түрдің айтарлықтай қысқаруына әкеп соғады.

Бұл қайғылы жаңалықтармен танысу арқылы ақбөкендердің келешегі туралы оптимистік түрде қалу өте қиын. Бірақ Сайга Ньюстың бұл номері бізге жақсы үміт қалдырады. Моңғолиядағы жаңа ғылымға негізделген ақбөкен санын бағалау мынаны көрсетеді: қазірде бұл тұртармағанда 15 мыңдай ақбөкен бар екен. Деседе, бұл бағаны бұрынғы басқа әдістемелерді қолдану арқылы алынған санақтармен салыстыруға болмайды. Қазіргі алынған мәліметтер популяцияның өсіп келе жатқанын көрсетеді; қатаң табиғат қорғау шаралары өздерінің нәтижеселерін береді.

Сонымен бірге, адамдардың өздері де бізге белгілі үміттер береді. Әркезде шабыттандырушы әсер беретін мақалаларды оқу, әсіресе, балалардың ақбөкенді сақтау



және оның мекендейтін жерлері дала туралы қалай сезінетіндеріне қайран қаласың. Сондай-ақ балаларға осы жойылып бара жатқан түр туралы білуге көмектесіп жүрген олардың мұғалімдері мен группа жетекшілеріне таңқаласың. Орал популяциясына байланысты Кэти Маббат және т.б. жұмысы бұрынғы зерттеулердің дұрыс екенін көрсетеді; онда адамдардың ақбөкен жөнінде қазіргі жағдаймен хабарлас екенін көрсетеді және ол сақталған қоныстарда, мүмкіндігінше, барынша көмектесуге тырысады. Дүние дүзінің ақпараттар (СМИ) құралдарының Бетпақдалада ақбөкеннің жаппай қырылуымен уайымдауы, адамдардың бұл жойылып бара жатқан түр дағдырына жай ғана қарай алмайтындығын байқатады. Табиғат қорғаушылары осындай қиын-қыстау жағдайды шешуге бірнеше мүмкіндіктерді ұсынады. Тамаша мысал - Альберт Салемгареев, «ақбөкенді сақтау ісінің батырларының» бірі, осы *Сайга Ньюсте* сөз болады. Әріне, Үкіметтің ролі ерекше екендігі белгілі. Татьяна Брагинаның экологиялық коридорлар туралы мәлімдемесінде Қазақстан Үкіметінің қоршаған ортаны қорғау жолын ұстаушылардың бірі екендігін баяндайды. Қалмақия Республикасы Үкіметі ақбөкенді Қызыл кітапқа енгізген; Моңғолияда үкімет ұйымдарымен байланыс күшейтілген.

Ресейден, Қазақстаннан және Өзбекстаннан соңғы жаңалықтарды талдай отырып, біз жұмысты неден бастағанымызды ұмытпау керек. 2003 жылы ақбөкеннің, барлық популяцияларының саны сондай мардымсыз төменгі деңгейде еді, сондықтанда оны сақтап қалу үшін қандайда болмасын шағын шаралар жүзеге асты. Қоныс аударатын түрлер Конвенциясының «Ақбөкенді сақтаудың өзара түсінісу Меморандумына» (MoV) 2006 жылы қол қоюынан бастап, үкіметтік, үкіметтік емесе және халықаралық ұйымдар, ғалымдар мен жергілікті тұрғындар бұл түрді сақтап қалу мақсатымен ақбөкеннің таралған ареалдарында біріккені белгілі. 2006 жіне 2010 жылдары MoV мәжілістері төңірегінде біз алға қойылған жоспарларға сәйкес біраз шараларды жүзеге асыруға тырыстық; соның нәтижесінде

2010 жылы едәуір прогреске жеткенімізді байқаттық. Деседе, қазірде атқарылып жатқан істер нашар жүргізілуде; біздің тәжірибе, жұмыс істеуге ынталық және институциональды қолдаулар ақбөкенді сақтау шараларын жүзеге асыруға бағыттталып, біріккен ғой; өйткені жойылып бара жатқан түрді «тұңғыық шыңыраудан» алып шығуымыз керек.

Солтүстік-Батыс Прикаспий мен Үстірт территорияларында мекендейтін ақбөкен популяциясын сақтап қалу үшін не істеу керектігін біз білеміз, бұл өте қиын тапсырма – браконьерлік тоқтатылуға тиіс. Тіпті жаппай қырылудан кейін де, біз үміттенеміз, бетпақдала популяциясы жеткілікті мөлшерде көп болып қала береді деп сенеміз; өзінің бұрынғы қалпына келеді. Өйткені, онжылдай бойы Қазақстанның Үкіметі Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау ассоциациясының (АСБК) және көптеген басқа ұйымдардың қолдауымен ақбөкенді сақтау жөнінде біраз табиғат қорғау шараларын жүзеге асырды. Қауым болып біз қолданатын белгілі конструктивті әрекеттер бар; соның арқасында дала рухы - ақбөкен таралу ареалында бұрынғыдай, алдағы 10 жылдағыдай уақытта, сақталып қалу мүмкіндігі туады. Ал, қазірде біз ақбөкенді сақтау жөніндегі MoV төңірегінде жоспарланған жұмыстарының орындалудағы прогресті бағалау үшін біздің келесі кездесуімізді күтеміз. Оқиғаның актуальды екенін ескеріп, бірігіп жұмыс істеу керектігін ұғынып, ақбөкенді келешекте сақтауға болатына үмітімізді жоғалтпауымыз керек.

Сурет Бунбаата Теземетинікі



Моңғолия ақбөкендері тобы


Проф. Э.Дж. Милнер-Гулланд, ақбөкенді сақтау Альянсының төрағасы

## Жаңалықтар

### Қазақстанда ақбөкендер өткелдері қорғауға алынды

Брагина Т.М., Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты және Оңтүстік Федеральный университет, [tm\\_bragina@mail.ru](mailto:tm_bragina@mail.ru), [tmbragina@sfedu.ru](mailto:tmbragina@sfedu.ru)

Қазақстанда бірінші экологиялық коридор Қостанай облысында 2004 жылы 31 253 га жерде ұйымдастырылған; қоғамдық экологиялық ұйым «Наурузум»-ның ұсынысы бойынша. Ондағы моқсат – Наурызым табиғи қорығының ақбөкендердің жазғы мекендейтін участкелерін біріктіру еді, әсіресе құрғақшылық жылдары. Экологиялық септер және оның элементтері туралы ұғымдар Қазақстан Республикасы заңдарына бірінші рет ҚР-сы ауыл шаруашылығы министрлігінің орман және аңшылық шаруашылықтары комитеті енгізген GEF/UNEP/WWF-тың «Орта Азия экорегиондорында (2003 – 2006 жж.). ұзақмерзімді биоәртүрлілікті сақтау үшін экологиялық септер (ЭКОНЕТ) ұйымдастыру» проектісінің нәтижесінде. Ондан әрі ҚР-сы Ерекше қорғалатын табиғи территориялар» заңына өзгерістер мен қосымша енгізу кезінде 2012 жылы. Бұл заңдылыққа сәйкес экологиялық коридорлар ерекше қорғалатын табиғи территориялар мен басқа да экологиялық септер элементтерімен арадағы кеңістік байланыстарды қамтамасыз ету үшін және биоәртүрлілікті сақтау үшін әрі қоныс аударатын жануарлар үшін олар өтетін табиғи жолдарды сақтау болып табылады.



**Карто-схема. Торғайдағы ООПТ сеті, «Ырғыз-Торғай-Жыланшық» коридорымен қосы**

2014 ж. Қостанай облысында «Ырғыз-Торғай-Жыланшық» экологиялық коридоры ұйымдастырылды (жер көлемі - 2 007 582 га); негізгі міндеті - Торғай, Ырғыз және Жыланшық өзендері аралығындағы солтүстік шөлдер мен шөлденген дала экосистемасын қорғау, сондай-ақ регионның көлдері мен өзендерінің системасын және Тосынкүм массивын қорғау болып табылады. Ол «Алтын-Дала», «Ырғыз-Торғай» табиғи резерваттары территорияларын және Торғай мемлекеттік зоологиялық қорықша территориясын бір-бірімен қосады; оның киіктердің мекендеуі үшін өте маңызды әрі бетпақдала популяциясының қоныс аудару жолында тұр. Қазақстан Республикасының қазіргі табиғатты қорғау заңдарына сәйкес бұл коридор облыс әкімшілігінің әкімінің қаулысымен бекіген.

Экологиялық коридорды ұйымдастырғанда дейін үлкен ғылыми зерттеулер мен дайындық жұмыстары жүргізілді; ол ГЭФ/ПРООН/Қазақстан Республикасы Үкіметінің проектісі: Дала экосистемаларын «Сақтау және тұрақты басқару» (Дала проектісі), төңірегінде іоке асты. Ал, «Ырғыз-Торғай-Жыланшық» коридорының шекарасы территорияда далалық зерттеулер нәтижесінде анықталды. Оны республикалық қоғамдық ұйым «Биоәртүрлілікті сақтаудың қазақстандық ассоциациясының» мамандары іске асырды. Зерттеу нәтижесінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, табиғи экосистемаларға антропогендік әрекеттердің деңгейлері туралы қосымша мәліметтер алынды; ақбөкеннің қоныс аудару туралы деректері қортылды. Коридордың шекарасын анықтауда Магхан программасының пакеті пайдаланды.

«Ерекше қорғалатын табиғи территориялар» Занына сәйкес экологиялық коридор шекараларында қызметтердің мына түрлерін жасауға болмайды: атмосфераға және ашық су көздеріне және жер бетіне и суларға ластанған заттарды тастауға, қалдықтарды орналастыруға, радиоактивтік материалдарды көмуге, елімізде бұрын мекендемеген жабайы жануарлар мен

өсімдіктердің жабайы түрлерін жіберуге, құрлықта құстар ұяларын салған кезде шөп шабуға, кең көлемде жерді бүлдіруге, егерде бұл авария – қалпына келтіру жұмысымен, транспорттық және инженерлік-техникалық коммуникацияны реконструкция мен жөндеумен байланыссыз болса, өзен мен өзеншелер бағыттарын түзеулеу мен олардың участкелерін коллекторларға қосу, көзендер мен сулар жағалауларын бетондау, өсімдіктерді жағу, құрғақ шөптер мен жапырақтарды өртеу, көктемгі өрттер; ядохимикаттарды, тыңайтқыштарды, химиялық реагенттерді, жанғыш – майлау материалдарын және тағы да басқа жануарлар дүниесі мен олардың мекендейтін қоныстарына қауіпті материалдар, жануарлар дүниесінің өлім-жітімдеріне және жануарларда аурулар тудырмайтын, қоныстарын нашарлатпайтын өндірістердің өнімдері мен қалдықтары; қоныс аударатын жануарлар жолында арнаулы өткелдері жоқ әрі тұтас қоршаулар мен құрылыстар орнату; өзендерде немесе өзектерде бөгеттер салу немесе мөлшерлері судың енінің екіден үш мөлшерінен сартық аулау құралдарын орнату; байланыс және электропередачалар линиялар өтетін жолдарды (просек) тазалау, сондай-ақ жануарлардың көбею кезінде трубопроводтар бойында өсетін ағаштар мен бұталарды тазалау; ауыл шаруашылық жұмыстарын жүргізген кезде жануарлар дүниесінде жаппай өлім-жітім тудыратын немесе олардың мекендейтін жерлерінде өзгерістер тудыратын технологиялар мен механизмдерді қолдану; экологиялық коридордың экологиялық системасының гидрологиялық (су) режимін өзгертетін әрекеттер (бөгеттер, дамб, басқа да гидротехникалық құрылыстар), яғни судың өзбетінше ағын тоқтатын немесе азайтатын шаралар; жануарлар дүниесі объектілерінің еркін және қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етпеген ирригациондық және мелиоративтік құрылыстар салу және пайдалану; аң аулау мерзімдері ашылмаған кезде аулауға тиым салынған әдістер мен құралдар арқылы ауланған жануарлар дүниесі объектілерін ұстау; аңшылық шаруашылығы қызметтері, жануарларды атып алуға (аулау) жататын жануарларды, белгілі участкелерде қоныс аудару кезінде және төлдеу уақытында; бұл жердегі табиғи объектілерге зиянын тигізетін басқа әрекеттер; экологиялық коридордың экологиялық системаларына зиянды әсер ететін басқа да әрекеттер.

Сонымен, «Ырғыз-Торғай-Жыланшық» коридор аумағында жоғарыда аталған барлық әрекеттерге тиым салынған, ал 1-ші сәуірден 1 –ші маусымға дейін киіктер төлдейтін жерлерге бару шектелген. Экологиялық коридор шекарасында табиғи ресурстарды пайдалану түрлері мыналар болып саналады: аңшылық шаруашығы және рекреациондық қызмет, жерді пайдалану, оның экологиялық системаларына зиянды әсерлерін тигізбейтін тиімді табиғи ресурстарды пайдалану. «Ырғыз-Торғай-Жыланшық» экологиялық коридорын ұйымдастыру ақбөкендерді қорғауға мүмкіндік жасайды, регионның табиғи системаларының қалпына келуіне және сақталуына көмектеседі.



# Моңғолияда жергілікті тұрғындардан алынған мәліметтер браконьерлік деңгейін төмендетуге көмектеседі

Буяна Чимеддорж, WWF Монголия, [chimeddorj@wwf.mn](mailto:chimeddorj@wwf.mn)

Өзаратүсінісу Меморандумын орындау барысында WWF-Моңғолия заңсыз аңшылық жасаушылармен күресу жолында полицияның әртүрлі бөлімдерімен байланыста жұмыс істейді. Бұл қимылдардың нәтижелері – жергілікті жерлерде браконьерлік группировкаларды ұстау және олардың жолын кесу табысты өтуде. Жақында жергілікті тұрғындардан түскен мәлімет полицияларға ақбөкен мүйіздерін сатуға тырысқан қылмыскерлерді ұстауға көмектесті. Бұл қылмыс үшін 2014 ж. қазан айынан бастап, 20-30 жастағы 10 еркек тексеріліп жатыр. Жақында іс сотқа беріледі. Полицияның мәліметі бойынша, қылмыскерлер мүйізді Ресейден заңсыз алып өтіп, одан әрі сату үшін Қытайға өткізбекші екен. Барлығы 162 мүйіз конфискиленген, бұл 81 ақбөкен өлтірілген деген сөз. Жабайы табиғатқа қарсы қылмыстар күннен күнге өте күрделі және жақсы ұйымдастырылған болып барады, яғни, жабайы табиғаттың сақталуына зиянды әсерін тигізеді.



Сурет WWF Монголия

Ақбөкеннің конфискиленген мүйіздері

## Ақбөкенсіз дала – сүтсіз қалмақ шайы сияқты

Наталья Шивалдова, Экологиялық-ресурстық орталық «Екомактаб», [nshivaldova@mail.ru](mailto:nshivaldova@mail.ru)



Сурет А. Есимова

### Семинарға қатысушылар жабайы жануарлар

2014 жылдың күзінде Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы базасында «Ақбөкенді сақтау шаралары қауымдастықпен диалог түрінде» атты халықаралық семинар өтті. Оған Өзбекстаннан, Қазақстаннан, Ресейден Дала клубтарының басшылары, сондай-ақ халықаралық эксперттер – Ақбөкенді сақтау

Альянсының өкілдері, PTES британ фондысы, ғалымдар қатысты. Олар ақбөкенді сақтау мәселелерімен айналысады.

Дала Клубтарының алғашқы қалыптасу этапы өткен (қара: SN-ның өткен сандарын), онда табиғат қорғау ведомствалармен және басшы структуралармен байланыстар жолға қойылған, жергілікті жұртшылықтарды ақпараттармен қамтамасыз ету жұмыстары жақсы жүргізіледі және ақбөкенді қорғау туралы қоғамдық пікірлер қалыптасуда. Қазіргі этапта клубтардың жақсы келешекте дамуының стратегиялық және негізгі басты бағыттарын талқылау керектігі күн тәртібінде тұр. Тәжірибемен алмасу, масштабты жоспарларды «Жалпы қорытындыға» келтіру қажет.

Халықаралық семинардың алғашқы екі күні дала клубтарының қалыптасуынан бастап атқарылған жұмыстар көлемімен танысуға арналған. Өзбекстанның Жаслық поселкесінен «Ақбөкен» дала клубының балалары видеоқұттықтау дайындаған, онда өздерінің атқарылған жұмыстарын баяндаған. Қазақстаннан, Ресейден және Өзбекстаннан келген конкурс Жеңімпаздары – табиғатты қорғау саласындағы жас мамандар өздерінің экологиялық проекттерінің талдауға ұсынды. Бұл жұмыста өте жақсы практикаларымен, әдістерімен, жетістіктерімен алмасудың ерекше «мастерскойы» болды. Өйткені әрбір дала клубының өзінің «изюминкасы», өзінің қайталанбас ерекшелігі болады ғой. Мысалы, қазақ даласының клубтары экологиялық флэшмобакқа қатысты, қуыршақ театрының спектаклін қойды және фотографиялар мен плакаттардың мобильдік көрмелерін ұйымдастырды.



## Табиғатқа дос болып ен

Халықаралық семинардың көшпелі бөлімі Яшкөл посеелкасына барумен бастады. Онда мектеп-гимназия базасында Қалмақия Республикасы жабайы жануарлар Орталығының қатысуымен әрі белсенді қолдауымен дала клубы «Тірі мұра» табысты жұмыс істейді.

Тікелей ақбөкен лағы Малышкамен кездесу. Малышка қолда үйренген, өзін сипауға және суретке түсуге үйренген. Көптеген қатысушылар үшін ақбөкендермен жақын танысу бірінші рет болып отыр. Питомникте Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкенді сақтау проблемасы жөніндегі комплексті жұмыстар атқарылады; ғылыми жұмыстар және жануарларды



Дәстүрлі қалмақиялық құттықтау церемониясы

Бұл клубтың мүшелері өздерінің уставын, келешекте атқарылатын жұмыстардың программасын қабылдады және эмблемасында сүйкімді және қорғаусыз ақбөкен лағы бейнеленген. «Тірі мұра» дала клубында жақында «Кіші-іні» - дала клубы «БамбЦецг» пайда болды. Дала клубтарының табиғатты қорғау және ағартушылық жұмыстардың негізіне биолог-охотовед, Қалмақияда елде бірінші рет ақбөкенді қорғау арнаулы отрядты басқарушы және далада браконьерлер қолынан қаза тапқан Улдиса Кнакистың айқан бейнесі алынған. Мұндай беделді және батырлық тұлға өсіп келе жатқан ұрпақтарды тәрбиелеуде маңызды «фундамент» болып табылады.

«Тірі мұра» және «БамбЦецг» дала клубтарының педагог-новаторлары Самтанова Е.А мен Бюрчиева Д.А. көптеген міндеттерді балаларға жүктеп, батыл қадамдар жасаған. Мектеп оқушылардың күшімен дала экосистемасында ақбөкендердің ролін зерттеу және қалмақ халқының өмірін халықтық фольклерларда және әдет-ғұрыптарында зерттеу жұмыстарын жүргізген. «Тірі мұра» клубының белсенділері Улдис Кнакистың өмірі мен табиғат қорғау саласындағы еңбектері туралы уникалды материалдар жинаған. Зерттеу негізінде ауызша журнал дайындалған; олда халықаралық семинарға қатысушыларға ұсынылған. Поселка жұртшылығында эко-лекциялар «Ақбөкен-мамонттар құрдасы», «Қалмақия даласының тәкаппар символы» және т.б. үлкен қызығушылық тудырды.

## Ақбөкен – көзден ғайып болып кететін сұлулық

Біздің микроавтобусымыз «Яшкөл» питомнигіне қарай зымырап келеді Алып территория, сыйымдылығы үлкен вольерлер және бірінші рет қатысушылардың ақбөкендер шараларымен кездесуі. Қорқақ әрі өте сақ ақбөкендер қонақтардан алыстап, Вольерлердің алыс бұрыштарына қарай қашуда.

қолда өсіру жұмыстарының нәтижелерін практикаға енгізу сияқты жұмыстар атқарылады.



Барлығына сүйікті құралай «Малышка»

Келесі күні Астрахань даласының жүрегі – «Степной» қорықшасына жол тарттық. Ақбөкендермен тамаша кездесу, алыстан оларды бақылаймыз. Орта жолда бізді «Степной» қорықшасының директоры Владимир Калмыков қарсы алды, эскорттың соңынан бізде қорықша территориясына тереңдей түстік. Жақын қашықтықтан ақбөкендерді көретін уақыт жақындап келеді. Ақбөкендер шанды боратып, ашық далада жортқан жануарларды көреміз. «Степной» қорықшасының қызметкерлерінің пікірінше, бұл табиғи идиллегияны сақтап қалу үшін браконьерлермен аяусыз «соғыс» жүргізу қажет. Инспекторлар үшін демалыс күндер немесе мейрамдар болмайды, олар кезкелеген уақытта табиғатты қорғауға дайын тұрады. Кейірек біз мобильный лагерде болдық; онда өз істеріне берілген командамен «Степной» қорықшасының қызметкерімен танысуға мүмкіндік алдық.

Өзбекстан делегациясы үшін мұндай қарым-қатынас өте актуальды болды, өйткені бұл елде ландшафттылық комплексті «Ақбөкен» қорықшасын ұйымдастыру базасы дайындалған еді. Сондықтан, ақбөкенді қорғау мен сақтау шарлары туралы тәжірибе алу өте маңызды. Яшкөл дала клубы «Тірі мұра» басшысы Евгения Самтанова көршілерімен контактыны бастапта кетті және жақын келешекте жүргізілетін бірлескен жұмыстарды клуб

балаларымен қатысуымен талдапта үлгірді.

Халықаралық семинар жұмысын қорытындылай келіп, Қалмакия Республикасы жабайы жануарлар Орталығының директоры Ю. Арыловтың сөзін келтіргім неледі: «Ақбөкенді сақтау – комплексті проблема: қорғау структурасының заңдылық базасымен мен білім мен ағарту системаларының Бұл уникальды жануардың тағдыры және дала құлпыруы біздің қолда».

**Редакциядан:** біздің семинарды өткізген уақыттан бері Орталықта өзгерістер болды, бірақ жақсарту жағында емес (қара: төменде). Осындай қиын-қыстау кезде біздің сүйікті Малышка тірі қалды ма, біз білмейміз, ал егерде тірі қалса, онда біздің келесі кездесуге дейін ол өмір сүреме...

## Қазақстанда бірінші республикалық балалар конкурсы «Ақбөкен – қазақ даласының символы» өтті

Аксартова Жанна, ТонкобаеваАлия, АСБК, [zhanna.aksartova@acbk.kz](mailto:zhanna.aksartova@acbk.kz)

6-дан 15 жасқа дейінгі балалар конкурса өлеңдер, суреттер, ғылыми жұмыстар, эссалар мен видеороликтер жіберген, барлығы ақбөкен тақырыптарына арналған яғни бұл антилопаға ұқыпты қарап, сақтау, оған жауапты қарауға, олар мекендейтін жерлерде де тиімді пайдалану мәселелеріне арналған. Біз Қазақстанның 13 облысынан жұмыстар алдық. Конкурса 50 ауданнан, 23 қаладан және 180 поселкалардан балалар қатысты. Көп жұмыстар Солтүстік Қазақстан мен Атырау облыстарынан түсті



Сурет АСБК

Үздік жұмысты тандап алу өте күрделі!



Сурет АСБК

Балалардың конкурстық жұмыстары.

Ең үлкен номинация «Ақбөкен бейнеленген сурет» болды, оған 1200-ден аса мәлімдеме түскен. Жеңімпаз-жұмыстарды Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау ассоциациясы әртүрлі табиғатты қорғау проектiлер төңірегінде экологиялық білім мен ағарту маңсаттарында пайдалану үшін қолданады. 2015 жылы АСБК конкурса қатысқандардың жақсы өлеңдер жинағын шығарды әрі олардың суреттерінің көрмесін ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Конкурс жюрилерінің шешімі бойынша өте жақсы жұмыстер конкурстың жеті номинациялары бойынша бір жоғары награда (гран-при) берілді және 24 призовых орындар берілді. Одан басқа, тағы да 100 қатысушылар мақтау сыйлықтарымен марапатталды! Конкурса өздерінің жұмыстарын жіберген және конкурса қатысуға олардың мәлімдемелері бар барлық балалар алғыс хаттар, ақбөкен бейнеленген значкалар алды, сондай-ақ бұл жануар туралы әңгімелейтін комикстер мен постерлер алды.

АСБК барлық мұғалімдер мен ата-аналарды өздерінің тәрбиеленушілері мен балаларын «Ақбөкен – қазақ даласының символы» конкурсына қатысуға ниет білдіргендерін қолдағаны үшін үлкен рахметін – айтады.



## «Қоныс аударатын жануарлар күні» - табиғатқа жақын болудың тағы бір себебі

Наталья Шивалдова, Эколого-ресурсный орталық «Екомактаб», [nshivaldova@mail.ru](mailto:nshivaldova@mail.ru)

Жануарлар әлемінің әртүрлі өкілдері түр есебінде өмір сүруі үшін мерзімділік қауіпті және қалжырататын сапарға шығады. Қоныс аударатын жануарлардаң жолдарында қанша қауіптер мен қиыншылықтар кездеседі. Олардың көпшілігі адамның қолымен жасанды түрде ұйымдастырылған. Ақбөкен – қоныс аудару ұзақтығы жөнінен танылған чемпиондардың бірі.

Жақын уақытқа дейін Үстірт платосында мекендейтін ақбөкендер ұзақ маусымдық қоныс аударатын еді. Күзде жануарлар қазақ даласынан Өзбекстанның қысқы жайылымына, ал көктемде қайтадан Қазақстанның солтүстік далаларына оралатын. Барыстар тауларда өздерінің негізгі жемдері – тау ешкілері артынан жүре отырып, Қырғызия, Таджикистан, Өзбекстан және Қазақстан шекараларынан өтеді. Амударья өзенінің бір жағынан екінші жағына және кері, Өзбекстанның территориясынан Түркменияға бұқар бұғысы қоныс аударады. Бұл жануарларды не қозғайды? Өмірлері үшін қауіпті ұзақ қоныс аударуына не түрткі болды? Жануарлардың қоныс аударуына тіршілік ету жағдайларының өзгеруі себеп болады. Азықтың жетіспеуі, төменгі температуралар, өніп-өсуі үшін қолайлы жерлер іздеу және тағы басқа да себептер жануарларға көптеген шақырым жерлерді ауамен, жер бетімен және сумен өтуге мәжбір етді.

2014 ж. қазан айында Нөкіс қаласының және Үстіртте мектептерінде қоныс аударатын жануарлар күніне арналған экологиялық мейрам өтті. Мейрам алдында оған дайындық жұмыстары жүргізілді; онда дала клубтарының балалары жануарлардың ең ұзақ қоныс аудару жолдары туралы безендірілген әсем плакаттар дайындады. Онда ұзақ сапар шегетін чемпиондар – теңіз тасбақасы, киттер, көбелек Манарх, әрине ақбөкендер, бұқар бұғысы мен барыс көрсетілген. Балалар сондай-ақ қоныс аударатын жануарлар дүниесінен өздері ұнататын персонаждар таңдап алып, оларды бейнелейтін маскалар жасады. Маскалар дайын болған кезде, жас экологтар методисттің және клубтар басшыларының бастауымен өзінің персонажы туралы мәліметтерді



Сурет Елена Байсәлікті

Королева – ақбөкен бейнесін салу

жинады және миниспектакльдің репетициясына кірісті.

Келесі күні, таңертең ерте, әрбір мектепке келуші қоныс аударатын жануарлар өмірінен алынған қызықты фактілер бейнеленген плакаттарды көрді. Дала клубының жоғары класс оқушылары Король немесе Ақбөкендер Королевалары бейнелерінде қоныс аударытын түрлер – достарымен бірге жас өстірімдерге, бастауыш мектептен, жануарлар – көшпенділерге арналған 5-10 минуттік спектаклдерімен қонаққа келді. Бұл оқиға тек жас балалардың ғана анық есінде қалатын ғана емес, сондай-ақ ересек балалардың есінде қалатындай



Сурет Оля Есипованыкі

«Надежда» дала клубының мүшелері қоныс аударатын жануарлар күні мейрамында





Қоныс аударатын жануарлар бейнесіндегі Репетиция

## Қалмақияда Улдис Кнакисті еске алу өтті

Айгуль Айтбаева, Қалмақия Республикасы жабайы жануарлар Орталығы, [ai gul-0889@mail.ru](mailto:ai gul-0889@mail.ru)

Өзінің өмірін ақбөкенді қорғауға арнаған биолог-охотовед Улдис Карлович Кнакистың тағдыры туралы біз айтқанбыз (қара: SN-12). Еске салайық – Улдис Кнакис - 1939 ж. Латвия ССР-нің Цессинский ауданында туған. Иркутск ауыл шаруашылық институтын биолог-охотовед мамандығы бойынша үздік бітіріп, одан кейін 1964 жылы Астрахань Госпромхозына жұмысқа жіберілген, онда Қалмақ АССР-ында ақбөкенді қорғау егерлік қызметтің бастығы болып жұмыс атқарған. 1966 ж. Улдис Карлович Қалмақ АССР-ның Совет Министрлігінің жанындағы Госохотинспекциясында аға охотовед қызметін атқарса, ал 1969 ж ақбөкен қорғау жөнінде арнаулы құрылған отрядты басқарды. Өзінің ақбөкенді қорғау жайындағы қажырлы беңбектері үшін У. Кнакис бірнеше рет бірқатар үкіметтік наградалармен марапатталды.

2014 ж. қыркүйек айында Қалмақия даласында кезіп жүрген браконьерлердің атқан оғынан Улдис Карловичтың қайтыс болғанына 44 жыл толды. Ол өзінің туған күнін атап өтуге біржеті (3 қазақ 1970 ж.) қалған еі, Улдис Кнакис 31 жасқа келер еді. Бұл өте жас адамның өлімі қоғамды қайран қалдырды, бірақ, деседе, құқық қорғау орғандары өлтірген адамды ұстай алмады. Улдис Карловичтің трагедиялық өлген жеріне ескерткіш қойылған, ол Қалмақия Республикасының Юстин ауданында.

12 қыркүйек 2014 ж. Яшкөлдің көпсалалы гимназиясында «Тірі мұра» дала клубының мүшелерінің ашық мәжілісі өтті; онда «Табиғат үшін адамның ерлігі» тақырыбында, шынында, байырлық тұрғадағы личностті еске түсіруге арналған еді. Бұл мәжіліске ақбөкенді сақтау Альянсының, РТЭС Британ фондсының, биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясының өкілдері, сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстандағы балалар дала клубтарының мұғалімдері мен басшылары қатысты.

болды. Өзің үйренген кезде атқарылған осылай «Тең теңімен» методикасы жұмыс істейді. Ерекше қонақтар бастауыш класқа келген соң, қызығушылықтың екінші толқыны басталды, жеке түсінген. Тағы да плакаттар көруге кезекке тұруға тура келді. Балалар әдеттегі жаңа мәліметтерді ұзақ талдады. Қызықты әрі таң қалды. Өзінің өмір сүруі күресінде тірі организмдердің қандай қиындақтарға кездесетіндерін білді.

Батырды еске алу күні 2014 ж. 26 қыркүйегінде энтузиасттер мен жақсы көретін адамдар тобы ҚР-сы жабайы жануарлар Орталығының директоры, проф, Ю.Н. Арыловтың, ҚР-сы табиғат қорғау министрлігі аңшылық шаруашығының инспекторлары В.Л.Г. Дорджиевтің, В.Г. Левашовтың, Ресейдің еңбек сіңірген мұғалімі, Яшкөлдің көпсалалы гимназиясының биология пәнінің мұғалімі «Тірі мұра» дала клубының басшысы Е.А. Самтанованың, дала клубы «Тірі мұраның» мүшелері – оқушылардың қатысумен У. Кнакис трагедиялық қайтыс болған жеріне сапар шекті. Бұл күні ескерткішке жақын территориялар тазаланды және ескерткішке косметикалық жөндеу жүргізілді. Шағын митингіде оған қатысушылар өздерінің сөздерінде У. Кнакистің ерлігі және ақбөкенді сақтаудың қазіргі жағдайы туралы әңгімеледі. Митинг минуттік еске алу тыныштығымен аяқталды.

Улдис Кнакисті еске алу, оның кристалды таза шындығы, тірі табиғатқа деген сүйініспеншілдігі, қызмет бабындағы міндеттерін адал орындауы және таңдап алған мамандығына шын берілгендігі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.



Улдис Кнакис ескерткішінде

# Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы қиын уақытты басынан өткізуде

Сурет ЦДЖ архивінен



ЦДЖ мекені қалың қарлы қыста

SN-тың бірінші номерінен (2006 ж.) бастап, біз өзіміздің оқырмандарды Қалмақия Республикасы жабайы жануарлар Орталығының (ЦДЖ) жұмыстарымен, оның арнаулы питомнигі – қолда өсіру жағдайында ақбөкенді өсіру мен ұстау ісінің пионерімен, ондағы ғылыми ізденістегі табыстарымен, сондай-ақ экологиялық білім саласындағы жетістіктерімен таныстырып келеміз. Орталық өзінің қызметтері жылдары Қалмақия Республикасының «Визитной карточкасы» ғана емес, сондай-ақ бірқатар халықаралық проекттерді орындайтын мекен болды, оған қоса өсіп келе жатқан ұрпақтардың жұмыс істеуінің орталығына айналды. Жыл сайын Қалмақия орталығы – Элистадан алыс емес жерде орналасқан «Яшкөл» питомнигіне дүние жүзінің әр түкпірінен жүздеген адамдар келіп көретін.

Сурет ЦДЖ архивінен



Алған білімдеріне қуаныш

2014 жылдың көктемінен бастап Орталыққа бақытсыздық күйылды-әуелі ақбөкен азықтарына қаржы бөлу қысқарды, одан кейін оны қысқарту қауіпті төнді; одан соң вольерларда себебі белгісіз ақбөкендердің өлім-жітімге ұшырауы басталды. 2014 ж. қазан айында Қалмақия Республикасының Үкіметі өздерінің бюджеттік шығындарын оптимизировать етуді шешті, және Орталық үшін қысқарту шындыққа айнала бастады.

РФ қоғамдық палатасының мүшелері және немқұрайлы қарамайтын адамдар Ресей Федерациясының табиғат ресурстары мен экология министрі С.Е.Донскийге арналған үндеуге қол қойды, сонымен бірге қоныс аударатын түрлер Конвенциясы Секретариаты да (CMS) Орталық мүддесіне қам жеген пікірін білдірді және оның уникалды питомнигі туралы да ой бөлісті. Ақбөкенді сақтау Альянсыда аянып қалған жоқ, Орталықты қолдаған хатын Ресейдің табиғат ресурстары мен экология министрлігіне және ақбөкенді сақтау, қалпына келтіру және тұрақты пайдалану жөніндегі өзара түсінісу Меморандумының орындалуына жауапты адамға жіберген.

Орталықпен не болар екен? Бұдан бірнеше ай бұрын, ақбөкен Ресейде, айту қажет, аңшылық түр саналды; онда ойлауға болатын еді: жабайы жануарлар Орталығын федеральный деңгейде мемлекеттік тәжерибелік аңшылық шаруашылығы ретінде беруге болатындай мүмкіндік бар еді; онда Орталықтың соңғы 15 жыл атқарған жұмыстарын жалғастыруға болатын еді. Бірақ жақын арада Қалмақия Республикасының Үкіметі оқиғаға байланысты Республиканың Қызыл кітабына ақбөкенді енгізу туралы қаулы қабылдады (бұл қаулы РК Үкіметінің өздерін қоғам алдында «ақтап» алу үшін жасалған шешім еді: жабайы жануарлар Орталығын оның уникалды питомнигімен жабатын болса); ақбөкен автоматты түрде аңшылық түр разрядынан шығып қалады; бұл Ресейде болған оқиға жағдайында дұрыста болар. Сөйтіп, Орталық қиын жағдайда қалған жайы бар. МПРиЭ Ресей Федерациясында чиновниктермен ұзақ және қиын келісімдерден кейін қазірде үміт пайда болды, Орталық өзінің вольерный комплексімен жабылмайтын болды. Ол мемлекеттік табиғи биосферный қорық «Черные земли»-дің юрисдикциясына «визит-центр» ретінде беріледі, бірақ экспериментальдық жұмыстарды жалғастыра беруге мүмкіндігі бар. Баяндалған жағдайда осындай міндетті өзінің және қызметкерлері алдына жақында тағайындалған қорық директоры Батаар Иванович Убушаев қойып отыр. Біз оған өзінің үлкен жұмыстарында табыс тілейміз. Ақбөкенді сақтауға, сондай-ақ «Черные земли» регионының биоәртүрлілігін сақтауда үлкен жеңіске жете берсін дейміз.



Біз ойлаймыз әрі үміттенеміз арада барлық керекті жағдайлар жасалып қорыққа Орталықты беру ешбір қиындықсыз өтеді деп сенеміз және таяу арада Орталық қайтадан ашылды деп біз естиміз!

**Орталық туралы толығырақ оқуға болады:**

<http://kalmsaiga.com/saiga.php>,  
<http://www.drive2.ru/l/1237815/>

**Толығырақ болған оқиғаны мына хабардан танысуға болады:**

<http://www.elista.org/>  
<https://www.ridus.ru/news/181705>  
<http://dni.ru/bloggers/2015/3/26/298952.html>

**CMS-дің үндеуін табуға болады:**

<http://www.cms.int/en/news/devastating-blow-captive-breeding-efforts-critically-endangered-saiga-antelope>



Қыста қосымша жемсіз болмайды

## Баспасөздерден

### Қалмақия Қызыл кітабына ақбөкен енгізілді

Қалмақия Республикасы Үкіметінің қаулысымен (№ 86 10 наурыз 2015 ж.) ақбөкен Республиканың Қызыл кітабына енгізілді. Соңғы жылдары Солтүстік-Батыс Прикаспий территориясында мекендейтін ақбөкен популяциясына байланысты туған өқиғаға сәйкес РК табиғат министрлігінің инициативасы бойынша істелген іс болды. Эксперттік бағалау бойынша, өткен жылғы желтоқсан айында, ақбөкендердің күйлеуі уақытында, популяцияның саны шамамен 4 мыңдай бас болды. Мұнда жыныстық жағынан жетілген текелері өте аз

**Толығырақ** <http://kalmprroda.ru/n476.html>

### Қазақстанда ақбөкендердің қырылуы

Ақпарат құралдарының көптеген хабарларына қарағанда, Қазақстанда ақбөкендердің бетпақдала популяциясының жаппай қырылуы болды; бұл республикадағы ақбөкендердің жалпы күйіне және халықаралық деңгейіне әсер етті. Қазақстан Үкіметі жаппай қырылу себептерін зерттеу үшін комиссия құрды. Ақбөкендердің ауруларын және экологиясын зерттеу үшін фонд құру, популяцияның жағдайына мониторинг ұйымдастыру жоспарлануда. Соңғы Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымының арнаулы мәліметі бойынша 2015 ж. 5-ші маусымына дейін 134 252 ақбөкен қырылған, бір-ақ өлім-жітімге ұшыраған дар саны көп болады деп күтілуде.



## Астрахань облысындағы «Степной» қорықшасы территориясында ақбөкен мониторингісі

Владимир Калмыков, «Степной» қорықшасы Астрахань облысы, [f6o7k8u9c0@rambler.ru](mailto:f6o7k8u9c0@rambler.ru)

Соңғы 20 жылда Солтүстік-Батыс Прикаспий территориясында мекендейтін ақбөкен группировкасы депрессия жағдайында. Бұл 2013 ж. шілде айында ақбөкенді ерекше бағалы жабайы жануарлар мен басқа да биологиялық ресурстар санына қосуға негіз болды; заңсыз аулағаны үшін, ұстау, сатып алу, сақтау, тасу, басқа жаққа жіберу және сату Ресей Федерациясының қылмыстық Кодексінің 2581-статьясына сәкес қылмыстық жауапқа тартылады.

